

Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2022 жылғы 19 шілдедегі № 15/92 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 шілдеде № 28939 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365 бабының 3 тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түпқараған аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Меңдіханов

Түпқараған аудандық мәслихатының
2022 жылғы 19 шілдедегі
№ 15/92 шешіміне қосымша

Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м ³
1.1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	2,04
1.2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,04
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,82
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,04
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,44
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,35
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,44

7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,04
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,44
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,87
10.	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,023
11.	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,07
12.	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,05
13.	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,87
14.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,87
15.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,87
16.	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	1,8
17.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,9
18.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,9
19.	Шаштараздар, сұлулық салондары	1 жұмыс орны	2,43